

Бекітемін:

Мектеп директоры

С. Стамкулов

«30» 08 2024 ж.



Келісемін:

Директордың тәрбие ісі

жөніндегі орынбасары

Д. Үсенбекова

«30» 08 2024ж.

Түркістан облыстық білім басқармасының
Төлеби аудандық білім беру бөлімі
«Мәдени жалпы білім беретін мектебі» кмм-нің
2024-2025 оқу жылына арналған
сынып сағатының жоспары

Сынып: 10

Сынып жетекшісі: Есболов М.

**2024-2025 оқу жылында жыл бойы өтілетін сынып тәрбие сағаттарының
тақырыптары**

I жартыжылдық

№	Тәрбие құндылықтары	тақырыбы	мерзімі	ескерту
		Қыркүйек		
1	Ұлттық мүдде	Менің Отаным-Қазақстан!	05.09.2024.	
2	Талап,ар-ұят.	Өз құқығыңды білгенің-дұрыс өмір сүргенің	12.09.2024.	
3	Ұлттық мүдде	Адам және отбасы-қоғам тірегі.	19.09.2024.	
4	Талап,ар-ұят	Еңбекқорлық пен еріншектік	26.09.2024.	
		қазан		
5	Ұлттық мүдде	Ұстаз аты биік әрі мәңгілік	03.10.2024.	
6	Талап,ар-ұят	Қылмыс пен жаза	10.10.2024.	
7	талап	Тазалық-денсаулық кепілі	17.10.2024.	
8	Ұлттық мүдде	Тәуелсіз еліммен мақтанамын.	24.10.2024.	
		қараша		
9	Ұлттық мүдде	Ұлттық ойын-халық мұрасы	07.11.2024.	
10	Отбасы тәрбиесі	Әке-отбасы дінгегі	14.11.2024.	
11	Рухани тәрбие	Ибалы ұл,инабатты қыз	21.11.2024.	
12	Зияткерлік тәрбие	«ІТ-келешегі кемел сала»	28.11.2024.	
		желтоқсан		
13	Ұлттық тәрбие	Қазақстан болашағы-білімді ұрпақ	05.12.2024.	
14	Эстетикалық тәрбие	Әдеп пен әдет	12.12.2024.	
15	Экономикалық тәрбие	Ақша және өмірдің мәні	19.12.2024.	
16	Зияткерлік тәрбие	Жаңа жыл-жаңа қадам,жаңа бағыт	26.12.2024.	

II жартыжылдық

<i>№</i>	<i>Тәрбие құндылықтары</i>	<i>тақырыбы</i>	<i>мерзімі</i>	<i>ескерту</i>
		Қаңтар		
17	Отбасылық тәрбие	Жанұям-қорғаным, ата-анам-тірегім.	09.01.2025.	
18	Талап, ар-ұят.	Қоғамдық тәртіп негіздері	16.01.2025.	
19	Ұлттық мүдде	Алаш қозғалысының қайраткерлері	23.01.2025.	
20	Талап, ар-ұят	Жауапкершілік құндылықтары	30.01.2025.	
		Ақпан		
21	Салауатты өмір салты	Жирен жаман әдеттен	06.02.2025.	
22	Талап, ар-ұят	Мамандықтар әлеміне жол ашамыз	13.02.2025.	
23	Мінез-құлық тәрбиесі	Киберқауіпсіздік мәселелері	20.02.2025.	
24	Ұлттық мүдде	Заңды білмеген зардап шегеді.	27.02.2025.	
		Наурыз		
25	Ұлттық мүдде	Сал-дәстүрді сақтап жүрміз бе?	06.03.2025.	
26	Отбасы тәрбиесі	Отбасылық эрмитаж	13.03.2025.	
27	Рухани тәрбие	Жыл басы Наурыз, Мол болсын дәм-тұз.	20.03.2025.	
		Сәуір		
28	Ұлттық тәрбие	Ұлт тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейік.	03.04.2025.	
29	Эстетикалық тәрбие	Денсаулық-ең басты қажеттілік	10.04.2025.	
30	Экономикалық тәрбие	Адал еңбегін сенің жемісін.	17.04.2025.	
31	Зияткерлік тәрбие	Еріктілік – өмір талабы.	24.04.2025.	

<i>№</i>	<i>Тәрбие құндылықтары</i>	<i>тақырыбы</i>	<i>мерзімі</i>	<i>ескерту</i>
		Мамыр		
32	Адамгершілік тәрбиесі	Ұлы ерлік-ұрпаққа үлгі!	08.05.2025..	
33	Азаматтық тәрбие	Дарындыға дархан жол!	15.05.2025.	
34	Рухани тәрбие	Сыңғырла соңғы қоңырау!	22.05.2025.	

Сынып жетекшісі:



М.Есболов

Өрт қауіпсіздігі бойынша бағдарлама

**5-11 сыныптар
(8 сағат)**

№	Тақырыптың атауы	сағат саны
1	1 тақырып. Қазақстандағы өрттен қорғаушылардың даму тарихы	1
2	2 тақырып. Өрт сөндіруге қарсы қызмет және міндеттері	1
3	3 тақырып. Өрттің пайда болу себептері	1
4	4 тақырып. Өрт сөндіру кезіндегі тәртіп ережелері	1
5	5 тақырып. Алғашқы өрт сөндіру құралдары және оларды қолдану	1
6	6 тақырып. Қауіпсіздік белгілері туралы жалпы мәліметтер	1
7	7 тақырып. Өзін отпен күреске арнаған адамдар туралы	1
8	8 тақырып. Викторина «Адам және өрт»	1

10-сынып (9 сағат)
«Табиғатты қорғау - әрқайсымыздың міндетіміз»

№	Айы	Тақырыбы	Өткізу түрі	сағат саны
1	Қыркүйек	Экологиялық білімнің әсері біздің өмір салтымызды өзгертеді.	«Экологиялық білімнің адам өміріне әсері» сынып сағаты	1
2	Қазан	Экожүйедегі организмдер арасындағы қатынастар.	«Экологиялық орта» сынып сағаты	1
3	Қараша	Қолданбалы экология. Орманның экологиялық функциялары.	«Орман-планетаның өкпесі» сынып сағаты	1
4	Желтоқсан	Қазақстан Топырағы. Гумус. Топырақ құнарлылығын сақтау.	«Неліктен топырақ көп түсті?» сынып сағаты	1
5	Қаңтар	Климаттың жаһандық өзгеруі. Мұздықтардың еру себептері мен салдары.	«Мұздықтарға үкім. Мұз қабаты қалай жоғалады» сынып сағаты	1
6	Ақпан	Биотерриториялар. Экологиялық мониторинг.	«Мониторингтің қара дақтары қоршаған ортаның сапасы» сынып сағаты	1
7	Наурыз	Табиғатты қорғаудың негізгі принциптері.	«Экологияны күту әр нақты адамнан басталады» сынып сағаты	1
8	Сәуір	Экологиялық кәсіптік бағдарлау.	«Қорықшы-табиғат қорғаушысы» сынып сағаты	1
9	Мамыр	Экологиялық тәрбиедегі акциялардың маңызы.	«Мұны бізде жасай аламыз!» сынып сағаты	1
Барлығы				9

Сынып жетекшісі: Есболов М.

**Мәдени жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында
9-сыныпта атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі**

Сынып жетекшісі : Есболов М.

Сынып- 9

Оқушы саны-24

Ұл-13

Қыз-11

Ұлты-қазақ

Сынып оқушыларының ұстанымы –

«Білікті бірді жығады. Білімді мыңды жығады»

Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік шараларға қатысу

белсенділіктері жас

ерекшеліктеріне сай жақсы деп айтуға болады. Оқушылардың мұғалімге

қарым-қатынастары

жақсы, педагогикалық талаптарға бағынады. Сынып оқушыларының

мектеп мотивациялары оң,

сабаққа қызығушылықпен келеді, көңіл-күйлері көтеріңкі. Сыныптың

әлеуметтік деңгейі: Ұжымда

оқушылар жақсы қарым-қатынаста. Сынып оқушылары ұйымшыл.

Сонымен қатар сыныпта

шығармашылыққа бейім оқушылар бар. Жалпы сыныптан тыс

шараларға, сабақтарға белсене

қатысады. Сынып белсенділері – оқу секторы, мәдениет, тазалық,

шаруашылық секторы және дене

тәрбиесі мүшелері де өз жұмыстарын тиынақты атқарады.

Оқушылардың бәрі де сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге белсене

қатысады.

Оқушылардың еңбек қатынасына деген ынта – жігері жоғары. Сыныптағы

оқушылардың бір

біріне деген қарым – қатынасы өте жақсы, бір – бірімен өте тату,

қиыншылық кезде бір біріне қол

ұшын беруге әзір тұрады. Мектептің қоғамдық жұмыстарына әр уақытта

топпен бір кісідей

атсалысып қатысып, тапсырылған жұмыстарды уақытында, тиынақты,

үлкен жауапкершілікпен

атқарады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. Ұл балалар мен қыз

балдардың өзара қарым –

настары да айтарлықтай жақсы. Сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Олар мұғалімдерге әртүрлі сұрақтар қойып, жаңа тақырыпты толық меңгергілері келеді. Сабаққа оқушылар дайындықпен келіп, жаңа сабақты үлкен зейін қойып тындайды. Ата – аналарға келетін болсам, олар сынып өміріне белсенді қатысып отырады. Мектептен катынастарын үзбейді, көмектерін аямайды. Еш себепсіз сабақ қалдырмайды. Қосымша сабақтардың өздерінде қалдырмай, үнемі ізденіс үстінде жүреді. Түсінбеген сұрақтарын біліп алуға тырысады. Бірінің білмегенін бірі айтып үнемі көмектеседі.

9-сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие іс-шаралары

мына бағытта жүргізілді

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға

негізделген. Бұл құжатта білім

беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың

бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген

саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор,

адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс,

анкершілік,
мейірімділік, камкорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу
және құқықтық мәдениетін
қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың
тазалығын және эмоционалды
тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи
ресурстарды үнемді әрі тиімді
қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ»,
«жеті ата», «тектілік»

ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін
қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді,
мемлекет тәуелсіздігін және елі
мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық
мәдениетті құрметтейді,
салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілік пен қарайды, әдепті және мейірімді,
сөзіне берік, ісіне адал,
кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді,
эмоционалды жай-күйін
басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және
қоршаған ортаға
ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің
қайталанбас ерекшелігін және
оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

ам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз
ге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу:

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілік пен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және команда мен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз тұлға. Тәрбиенің кешенді

жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.

Сыныпта сынып белсенділері сайланған. Оларға міндеттері түсіндіріліп отырады. Жыл

соңында сынып жиналысында есептері тыңдалды.

Сыныпта жыл бойына тәрбие жоспары бойынша сынып сағаттары өткізіліп отырды. Оқушылар

сыныпта, бастауыш сынып арасында, мектепшілік іс шараларға белсене қатысып отырды.

Мектепшілік тілдер мерекесіне қатысып марапатталды, аудандық көркемөнерпаздар сайысына

және пәндік олимпиадаларға қатысты. .

Пән бойынша аудандық олимпиадаларға белсене қатысап орындар алды.

Мектепте өтетін іс шараларға белсене қатысты. Жаңа жыл мерекесінде жауапты сынып

болды.

"Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі" бағытында шаралар өткізілді:

"Жол жүру ережесін білеміз

бе?" сауалнама,, "Жол тәртібі-өмір қауіпсіздігі" тақырыбында тәрбие

сағаты, "Өрт қауіпсіздігі

ережелері»" тәрбие сағаты, «Оттан сақтан!» өртке қарсы сақтық

шаралары сынып

жиналыстарында өткізіліп, ақпараттар жазылды.

Оқушымен жұмыс бағытында:

Сынып белсенділері сайланып, жұмыстары есебі тоқсандық

жиналыстарда тыңдалынды. Сынып

жиналыстары түрлендіріліп ұйымдастырылып, уақытылы өткізіліп,

хаттамаланды. Жыл бойына

жоспар бойынша үлгерімі нашар және қабілетті оқушылармен жұмыстар

жүргізілді. Сынып

жиналыстарында тазалық, ұқыптылық сыйластық туралы түсіндірілді.

Оқушылар жазғы демалыста бір-біріне сәттілік тіледі.

Ата-анаман жұмыс бағытында:

Жыл бойы ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Өртүрлі тақырыптық

жиналыстар оздырылды. Ата-аналарға ашық есік күндері сабаққа